

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті төрағасының
2018 жылғы « 22 » _____ 08
№ N016619 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық
ИНГАЛИПТ-Н**

Саудалық атауы
Ингалипт-Н

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі
Ингаляцияға арналған спрей, 30 г.

Құрамы

1 баллонның ішінде

белсенді заттар: еритін стрептоцид 0,750 г,
натрий норсульфазолы 0,750 г.

қосымша заттар: тимол, эвкалипт майы, бұрыш жалбызы майы, 96% этил спирті, қант, глицерин, полисорбат 80, тазартылған су.

Сипаттамасы

Өзіне тән иісі бар, ашық-сарыдан күңгірт-сары түске дейінгі мөлдір сұйықтық.

Фармакотерапиялық тобы

Респираторлық жүйе. Тамақ ауруын емдеуге арналған препараттар.
Антисептиктер. Басқа да препараттар.
АТХ коды R02AA20

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Ингалипт-Н жергілікті ингаляциялық қолдануға арналған және емдік концентрацияны негізінен қабыну ошағында түзеді. Жүйелік қан айналымына қан ақуыздарымен байланысатын сульфаниламидтері (еритін стрептоцид және натрий норсульфазолы) ішінара сіңеді: 12-14%-ға еритін стрептоцид, 55%-ға натрий норсульфазолы. Биологиялық өзгеріс барысында сульфаниламидтердің ацетилденген формалары пайда болып,

осы түрінде бүйрек арқылы шығарылады. Жартылай шығарылу кезеңі еритін стрептоцидте 10 сағатты, натрий норсульфазолында – 1,2 сағатты құрайды.

Фармакодинамикасы

Ингалипт – Н бактерияларға қарсы және қабынуға қарсы әсер етеді, сондай-ақ салқындататын және аулақтатқыш әсері бар. Сульфаниламидтік топтың белсенді заттары бактерияға қарсы әсер етеді. Олардың әсері олардың дамуына қажетті молекулаларына пара-аминобензой қышқылы кіретін фолий және дигидрофолий қышқылдары өсу факторлары дамуының микробтармен түзілуін бұзуына байланысты.

Сульфаниламидтер химиялық құрамы бойынша пара-аминобензой қышқылына жақын, олар пара-аминобензой қышқылының орнына микробтық жасушалармен қармалады және соның нәтижесінде ондағы зат алмасу үдерісінің ағымын бұзады.

Қосымша заттар антисептикалық, салқындататын және аулақтатқыш әсерлерді береді. Аталған фармакологиялық қасиеттерінің біріктірілімі жоғары тыныс алу жолдарының және ауыз қуысы шырышты қабатының қабыну ауруларын кешенді патогенетикалық еммен қамтамасыз етеді. Ингалипт-Н организмге ульцерогенді және жалпы уытты әсер көрсетпейді.

Қолданылуы

- тонзиллит
- фарингит
- ларингит
- афтозды және ойық жаралы стоматиттер

Қолдану тәсілі және дозалары

Қолданар алдында құтыдан қорғағыш қалпағын шешіп алады және клапанның стерженіне қоса берілген бүріккішті кигізеді. Бүріккіштің бос жағын ауызға енгізіп басын 1-2 с басады. Бүркіп шаюды тәулігіне 3-4 рет жүргізеді. Препаратты ауыз қуысында 5-7 минут ұстап тұрады.

Балалар. 3 жастан бастап балаларға бүркіп шаюды тәулігіне 1-2 рет жасайды.

Емдеу курсы: 7-10 күн.

Жағымсыз әсерлері

- аллергиялық реакциялар (тері бөртпесі, қышыну, препаратпен жанасқан орынның ісінуі)
- әлсіздікті сезіну
- бас ауыруы
- жүрек айнуы және құсу
- диарея
- балаларда рефлекторлы бронх түйілуі дамуы мүмкін
- қысқа уақыт шымылдатып ашыту немесе жыбырлату

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- сульфаниламидтерге және эфир майларына жоғары сезімталдық
- жүктілік және лактация кезеңі
- 3 жасқа дейінгі балаларға

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Ингалипт-Н препаратын парааминобензой қышқылының туындылары препараттарымен (новокаин, анестезин, дикаин) бірге қолданғанда сульфаниламидтердің бактерияға қарсы белсенділігін жою жүреді.

Айрықша нұсқаулар

Алғаш рет қолданар алдында дисперсялы ағын пайда болғанша бүріккішті бірнеше рет басу керек.

Ингалипт-Н қолданар алдында ауыз қуысын қайнаған жылы сумен шаю керек; ауыз қуысының зақымданған жерінен стерильді тампонмен некрозды өңезді алып тастау керек.

Препаратты қолданып болғаннан кейін штоктан мойын бүріккішін шешіп алып жылы сумен шаю керек.

Аллергияға бейім адамдар үшін қолданар алдында дәрігердің кеңесі қажет. Қан түзу жүйесі ауруларында, нефроздарда, нефриттерде, базедов ауруында, препарат компоненттеріне жоғары сезімталдықта қолдану ұсынылмайды.

Жүктілік және лактация кезеңі

Мәліметтер жоқ.

Дәрілік заттың көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді.

Артық дозалануы

Симптомдары: терідегі бөртпе, қышыну, препаратпен жанасқан жердің ісінуі түрінде аллергиялық реакциялар.

Емі: препарат қабылдауды тоқтатып, дәрігерге қаралу керек, симптоматикалық ем.

Шығарылу түрі және қаптамасы

30 г мойын қондырмасы және сақтандырғыш қалпақшасымен жабдықталған дозалау әсері бар механикалық сорғысымен аэрозольді моноблокты, сыйымдылығы 31 мл іші фенольді-эпоксидті қорғаныш жабынымен алюминий баллондарда.

Баллонға ТШ 29- 02-888-79 бойынша бояумен трафаретті баспа әдісімен мәтін жазылады немесе желімделетін заттаңбаларға арналған материалдан жасалған заттаңба жапсырылады.

1 баллоннан бүріккіші, қорғағыш қалпақшасы мен медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен картон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«Микрофарм» ЖШҚ. Украина, 61013, Харьков қ-сы, Шевченко к-сі, 20

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Микрофарм» ЖШҚ, Украина

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)

Алматы қ., Айнабұлақ -1 ы/а, 17 үй,

тел. +7 (727) 34 94 431, ұялы. 8 747 0126972

E-mail: info@microfarm.com.ua

Қазақстан Республикасы аумағында дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):

Алматы қ., Айнабұлақ-1 ы/а, 17 үй,

тел. +7 (727) 34 94 431; 8 747 0126972

E-mail: info@microfarm.com.ua

